

Құжат: «Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамы Басқармасының комитеттері туралы ереже («Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 29 қарашадағы № 64/21 шешімімен бекітілген) (19.05.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)

Құжаттың мәртебесі: қолданыста Күні: 29.11.2021 ж.

«Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Басқарма отырысының 2021 жылғы 29 қарашадағы № 64/21 хаттамасынан үзінді

Үзінді көшірменің берілген күні: 2021 жылғы 29 қараша.

Акционерлік қоғамның толық атауы - «Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамы (бұдан әрі-Қоғам).

Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері - Қазақстан Республикасы, Z05T3E2, Астана қаласы, Мәңгілік ел көшесі 55А, 8-қабат.

Басқарма отырысын өткізуге арналған кворум бар

КҮН ТӘРТІБІ:

| № | Мәселенің атауы | Баяндамашы |
|---|---|------------|
| 4 | «Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамы Басқармасының комитеттері туралы ережені бекіту туралы» | Жолат Е. |

**Отырыс және дауыс беру қорытындысы бойынша,
«Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Басқармасы ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

VI

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының [59-бабының 1-тармағына](#), [«Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамы Жарғысының 16-бабы 16.1-тармағының 16.1.8-тармақшасына сәйкес:](#)

1. «Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамы Басқармасының комитеттері туралы [ереже](#) осы хаттамаға № 6 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Күші жойылды деп танылсын:

1) «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқармасының 2020 жылғы 10 қарашадағы шешімімен бекітілген «Қазына Капитал Менеджмент» акционерлік қоғамының қызметін жоспарлау және бағалау комитеті туралы [ереже](#) (№37/20 хаттама);

2) «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 16 ақпандағы шешімімен бекітілген «Қазына Капитал Менеджмент» акционерлік қоғамының инвестициялық комитеті туралы [ереже](#) (№6/21 хаттама).

Басқарма хатшысы

Мукушева А.М.

Дереккөз: «ПАРАГРАФ» ақпараттық жүйесі

Құжат: «Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамы Басқармасының комитеттері туралы ереже («Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 29 қарашадағы № 64/21 шешімімен бекітілген) (19.05.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)

Құжаттың мәртебесі: қолданыста Күні: 29.11.2021 ж.

«Qazaqstan Investment Corporation»
акционерлік қоғамы Басқармасының
2021 жылғы 29 қарашадағы (№64/21 хаттама) шешіміне № 6 қосымша

«Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамы
Басқармасының 2021 жылғы 29 қарашадағы (№64/21 хаттама) шешімімен
«БЕКІТІЛДІ»

Атауында және бүкіл мәтін бойынша «Қазына Капитал Менеджмент», «Нұр-Сұлтан» сөздері «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Басқармасының 31.01.23 ж. № 04/23 шешіміне сәйкес «Qazaqstan Investment Corporation», «Астана» сөздеріне ауыстырылды (ескі ред.қараңыз)

**«Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамы Басқармасының
комитеттері туралы ереже**
(19.05.2025 ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулармен)

Астана, 2021 жыл

Мазмұнға «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқармасының 01.03.22 ж. № 07/22 (2022 ж. 14 наурыздан бастап күшіне енді) шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (ескі ред.қараңыз)

Мазмұны

[1-тарау. Жалпы ережелер](#)

[2-тарау. Комитет мәртебесі](#)

[3-тарау. Комитеттердің негізгі мақсаттары, міндеттері мен құзыреті](#)

[4-тарау. Комитеттердің құқықтары](#)

[5-тарау. Комитеттердің құрамы және оларды қалыптастыру тәртібі, олардың отырыстарын шақыру](#)

[6-тарау. Комитет мүшелерінің құқықтары мен міндеттері](#)

[7-тарау. Комитет төрағасы](#)

[8-тарау. Комитет хатшысы](#)

[9-тарау. Комитет отырысында қарау үшін материалдарды ұсыну тәртібі және күн тәртібін қалыптастыру](#)

[10-тарау. Комитет жұмысының тәртібі](#)

[11-тарау. Комитет шешімдерінің орындалуын бақылау](#)

[12-тарау. Комитет мүшелерінің және Комитет отырыстарына қатысатын өзге де адамдардың жауапкершілігі](#)

[13-тарау. Қорытынды ережелер](#)

[Қосымшалар](#)

Құжат: «Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамы Басқармасының комитеттері туралы ереже («Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 29 қарашадағы № 64/21 шешімімен бекітілген) (19.05.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)

Құжаттың мәртебесі: қолданыста Күні: 29.11.2021 ж.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамының басқару комитеттері туралы ереже (бұдан әрі-Ереже, Қоғам тиісінше) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның [Жарғысына](#) және Қоғамның өзге де ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді.

2-тармақ жаңа редакцияда жазылды - «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқармасының 01.03.22 № 07/22 (2022 жылғы 14 наурыздан бастап күшіне енді) шешімімен (ескі ред. қараңыз.)

2. Ереже Қоғамның Инвестициялық комитетінің, Қызметті жоспарлау және бағалау комитетінің және Стратегия және корпоративтік даму комитетінің (бұдан әрі - Комитеттер/Комитет) мақсаттарын, міндеттері мен өкілеттіктерін, Комитеттердің мәртебесі, құрылымы, оларды қалыптастыру тәртібін, Комитет мүшелерінің құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, Комитеттердің жұмыс тәртібін, олардың шешім қабылдау және ресімдеу тәртібін, сондай-ақ олардың орындалуын қадағалау тәртібін айқындайды,

3. Комитеттердің өз құзыреті шеңберінде қабылданған шешімдері Қоғамның құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлері үшін міндетті болып табылады. Бұл ретте Қоғам Басқармасының және/немесе Қоғам өкілдерінің қатысуымен тікелей инвестициялар қорларының уәкілетті органдарының одан әрі қарауына жататын мәселелер жөніндегі комитеттердің шешімдері ұсынымдық сипатта болады, түпкілікті шешімді қоғамның өкілі және/немесе тиісті ұсыныс берілген Қоғамның Басқармасы қабылдайды.

4. Ережеде көзделген ұғымдар мен анықтамалардың Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның Жарғысында және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында айқындалған мағынасы болады.

2-тарау. Комитет мәртебесі

5. Комитеттер Қоғамның Басқармасына есеп беретін Қоғамның тұрақты жұмыс істейтін алқалы органдары болып табылады.

6. Комитеттер өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қоғамның [жарғысын](#), осы Ережені, сондай-ақ Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алады.

3-тараудың атауына «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқармасының 01.03.22 ж. № 07/22 (2022 ж. 14 наурыздан бастап күшіне енді) [шешіміне](#) сәйкес өзгерістер енгізілді (ескі ред. қараңыз)

3-тарау. Комитеттердің негізгі мақсаттары, міндеттері мен құзыреті

7-тармақ «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқармасының 01.03.22 № 07/22 (2022 жылғы 14 наурыздан бастап күшіне енді) [шешімінің редакциясында жазылды \(ескі ред. қараңыз.\)](#)

7. Қоғамның Инвестициялық комитетінің (бұдан әрі - ИК), Қызметті жоспарлау және бағалау комитетінің (бұдан әрі - ҚЖЖБК) және Стратегия және корпоративтік даму комитетінің (бұдан әрі - СЖКДК) негізгі мақсаттары, міндеттері мен құзыреті тиісінше осы [Ережеге № 1, № 2 және № 2-1](#) қосымшаларда көрсетілген.

Құжат: «Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамы Басқармасының комитеттері туралы ереже («Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 29 қарашадағы № 64/21 шешімімен бекітілген) (19.05.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)

Құжаттың мәртебесі: қолданыста Күні: 29.11.2021 ж.

4-тарау. Комитеттердің құқықтары

8-тармаққа «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ басқармасының 01.03.22 ж. № 07/22 (2022 ж. 14 наурыздан бастап күшіне енді) [шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді \(ескі ред.қараңыз\)](#)

8. Комитеттерге жүктелген міндеттерді іске асыру және олардың өз құзыреті мен өкілеттіктерін жүзеге асыруы шеңберінде комитеттердің құқығы бар:

8.1. Қоғамның барлық құрылымдық бөлімшелерінен және қызметкерлерінен, комитеттерден, комиссиялардан және Қоғамның өзге де органдарынан комитеттердің қызметіне қатысты құжаттарды, материалдар мен ақпаратты сұрату және алу;

8.2. Комитеттердің шешімдерін орындауға жауапкершілік жүктелетін қызметтер көрсету шарты негізінде Қоғамның құрылымдық бөлімшелерін және/немесе қызметкерлерін және/немесе Қоғамға қызметтер көрсететін тұлғаларды айқындау;

8.3. Комитеттердің қызметіне қатысты Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына өзгерістер және/немесе толықтырулар әзірлеуге және/немесе енгізуге бастамашылық жасау.

5-тараудың атауы жаңа редакцияда жазылды - «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқармасының 06.12.22 № 52/22 [шешімімен \(ескі ред.қараңыз\)](#)

5-тарау. Комитеттердің құрамы және оларды қалыптастыру тәртібі, олардың отырыстарын шақыру

9-тармақ жаңа редакцияда - «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқармасының 06.12.22 № 52/22 [шешімімен \(ескі ред.қараңыз\)](#)

9. Комитет Комитет мүшелерінен, оның ішінде дауыс беру құқығы бар Комитет төрағасынан тұрады. Комитеттің сандық құрамы Басқарманың шешімімен айқындалады және 5 (бес) адамнан кем болмауы тиіс.

10-тармақ жаңа редакцияда жазылған - «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Басқармасының 19.05.25 № 22/25 [шешімімен \(ескі ред.қараңыз\)](#)

10. Комитеттің өкілеттік мерзімі мен құрамы Қоғам Басқармасының шешімімен айқындалады және бекітіледі.

11-тармақ жаңа редакцияда жазылған- «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқармасының 06.12.22 № 52/22 [шешімімен \(ескі ред.қараңыз\)](#)

11. Комитеттің қызметіне басшылықты Қоғамның Басқармасы тағайындайтын Комитет төрағасы жүзеге асырады.

Комитет төрағасы болмаған кезде оның міндеттерін отырысқа қатысып отырған Комитет мүшелерінің бірі орындайды, ол Комитеттің тиісті отырысына қатысып отырған Комитет мүшелерінің қарапайым көпшілік даусымен сайланады.

Бұл ретте Комитет төрағасы болмаған кезде комитеттердің кезекті отырыстарын осы Ереженің белгіленген тәртібінде келіп түскен материалдар негізінде Комитеттің хатшысы шақырады.

5-тарау 11-1-тармақпен толықтырылды - «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Басқармасының 19.05.25 № 22/25 [шешімімен](#)

11-1. Комитет мүшесі болмаған кезде оның лауазымдық міндеттерін атқаратын адамның қатысуына жол берілмейді.

Құжат: «Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамы Басқармасының комитеттері туралы ереже («Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 29 қарашадағы № 64/21 шешімімен бекітілген) (19.05.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)

Құжаттың мәртебесі: қолданыста Күні: 29.11.2021 ж.

12. Егер Комитет қараған мәселені қоғамның басқа уәкілетті органдары бекітуге тиіс болған жағдайда, мұндай мәселені бастамашы Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен көрсетілген уәкілетті органның қарауына шығарады.

13. Комитеттің төрағасы немесе мүшесі болған Қоғам қызметкерімен еңбек қатынастарын бұзу осы қызметкердің комитет құрамына мүшелігін автоматты түрде тоқтатады.

6-тарау. Комитет мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

14-тармаққа «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқармасының 06.12.22 ж. № 52/22 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (ескі ред.қараңыз)

14. Комитет мүшелерінің құқығы бар:

14.1. Комитет отырысын шақыруға бастама жасау;

14.2. Комитет отырыстарына дайындалған материалдармен танысу;

14.3. Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінен, қызметкерлерінен және қоғамның уәкілетті органдарынан комитеттің шешім қабылдауы үшін қажетті құжаттарды, материалдар мен ақпаратты сұрату және алу;

14.4. Комитеттің күн тәртібі мәселесі бойынша дауыс беруге қатысу арқылы шешімдер қабылдау;

14.5. Комитет отырысының хаттамасына күн тәртібіндегі мәселелер және қабылданатын шешімдер бойынша өзінің «ерекше пікірін» жазбаша түрде не тікелей хаттама мәтінінде ұстанымын көрсете отырып енгізуді талап ету;

14.6. Комитеттің өкілеттігіне кіретін мәселелер бойынша ұсыныстар енгізу;

14.7. Басқарма отырысының күн тәртібін өзгерту жөнінде ұсыныстар енгізу;

14.8. Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарын әзірлеуге бастамашылық жасау;

14.9. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, Қоғамның [Жарғысында](#) және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

15-тармаққа «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқармасының 06.12.22 ж. № 52/22 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (ескі ред.қараңыз)

15. Комитет мүшелері:

15.1. Қоғам мүддесі үшін әрекет ету, комитет құрамында өз міндеттерін жоғары жауапкершілік дәрежесімен адал атқару;

15.2. шешім қабылдау кезінде Қоғам үшін тәуекелдер мен қолайсыз салдарларды өлшеп бағалау;

15.3. отырыс басталғанға дейін Комитет отырысының материалдарымен және күн тәртібімен танысу;

15.4. уақытша еңбекке жарамсыздығына, жұмыстан босатылуына, демалыста болуына, іссапарға немесе өзге де дәлелді себептерге байланысты Комитет төрағасының алдын ала келісімі болмаған жағдайларды қоспағанда, Комитеттің күндізгі және сырттай отырыстарына қатысуға;

15.5. «Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамы немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын қызметі туралы ақпарат тізбесіне кіретін ақпаратты жария етпеу;

15.6. осы Ережеге және Қоғамның өзге де ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес Комитет мүшелері ретінде өзге де міндеттерді орындау.

Құжат: «Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамы Басқармасының комитеттері туралы ереже («Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 29 қарашадағы № 64/21 шешімімен бекітілген) (19.05.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)

Құжаттың мәртебесі: қолданыста Күні: 29.11.2021 ж.

Тарау 15-1-тармақпен толықтырылды - «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқармасының 06.12.22 № 52/22 шешімімен

15-1. Комитет мүшелерінің осы Ережеде көзделген міндеттерді орындамауы Қазақстан Республикасының [енбек заңнамасына](#) және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес тәртіптік жауаптылыққа әкеп соғады.

7-тарау. Комитет төрағасы

16-тармаққа «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқармасының 06.12.22 ж. № 52/22 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (ескі ред.қараңыз)

16. Комитет төрағасы Комитеттің жұмысын қамтамасыз етеді және тікелей ұйымдастырады, атап айтқанда:

16.1. Комитет отырыстарын шақырады және Комитет қызметін тікелей басқарады және отырыстарын өткізеді;

16.2. Комитет отырыстарында мәселелерді талқылауды ұйымдастырады, сондай-ақ Комитет мүшелерінің және отырысқа қатысуға шақырылған адамдардың пікірлерін тыңдайды;

16.3. Комитеттің қызметіне байланысты ұйымдастырушылық мәселелерді қарау кезінде Қоғамның уәкілетті органдарының отырыстарында Комитеттің ұстанымын білдіреді;

16.4. Комитеттің қабылданған шешімдері бойынша Қоғамның уәкілетті органының отырыстарында Комитеттің ұстанымын түсіндіреді;

16.5. Комитет мүшелерінің осы Ереженің талаптарын сақтауын және Комитет шешімдерінің орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді;

16.6. Комитет қызметіне байланысты мәселелер бойынша жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және Қоғам Басқармасының шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді;

16.7. Комитет отырыстарын өткізудің күн тәртібін, күнін, орны мен уақытын келіседі;

16.8. Комитеттің сырттай дауыс беруін өткізу туралы шешім қабылдайды;

16.9. Комитеттің кезектен тыс отырысын шұғыл түрде шақыруға құқығы бар.

16.10. «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқармасының 06.12.22 ж. № 52/22 [шешіміне](#) сәйкес алынып тасталды (*ескі ред. қараңыз*)

17. «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ басқармасының 06.12.22 ж. № 52/22 [шешіміне](#) сәйкес алынып тасталды (*ескі ред.қараңыз*)

8-тарау. Комитет хатшысы

18. Комитеттің Қоғамның құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ іс қағаздарын жүргізу үшін Комитеттің хатшысы тағайындалады.

19. Комитет хатшысын Комитет мүшелері Комитет отырысына қатысатын Комитет мүшелерінің қарапайым көпшілік даусымен тағайындайды.

20. Комитет хатшысы өз қызметінде Комитетке есеп береді.

21. Комитет хатшысы Қоғам қызметкерлерінің не қоғамға іссапарға жіберілген қызметкерлердің не қызмет көрсету шарты негізінде және/немесе персоналды ұсыну бойынша қызмет көрсету шарты негізінде Қоғамға қызмет көрсететін тұлғалардың қатарынан тағайындалуы мүмкін. Комитет хатшысының Комитет мүшесінің өкілеттігі

Құжат: «Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамы Басқармасының комитеттері туралы ереже («Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 29 қарашадағы № 64/21 шешімімен бекітілген) (19.05.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)

Құжаттың мәртебесі: қолданыста Күні: 29.11.2021 ж.

болмайды және күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға қатыспайды.

22. Комитет хатшысы құқылы:

22.1. осы Ережеде және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген мәселелерді Комитеттің қарауына шығару кезінде Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінен және/немесе қызметкерлерінен және/немесе қызмет көрсету шарты негізінде Қоғамға қызмет көрсететін тұлғалардан ұсынылатын материалдарға қойылатын рәсімдер мен талаптардың сақталуын талап ету;

22.2. Комитет отырыстарына материалдарды дайындауға жауаптылардан Қоғамның құрылымдық бөлімшелері басшыларының және/немесе қызметкерлерінің және / немесе қызмет көрсету шарты негізінде Қоғамға қызмет көрсететін тұлғалардың барлық қажетті материалдарды белгіленген мерзімде ұсынуын талап ету;

22.3. осы Ереженің және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарының талаптарын бұза отырып дайындалған материалдарды Комитет отырыстарына пысықтауға қайтару;

22.4. Комитеттің шешімдерін орындауға жауапты құрылымдық бөлімшелерден және/немесе Қоғам қызметкерлерінен және / немесе қызмет көрсету шарты негізінде Қоғамға қызмет көрсететін тұлғалардан Комитет шешімінің орындалуы туралы ақпарат пен материалдарды сұрату;

22.5. Комитеттің қызметіне талдау жүргізу және оны жетілдіру жөнінде шаралар ұсыну.

[23-тармаққа «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқармасының 06.12.22 ж. № 52/22 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді \(ескі ред.қараңыз\)](#)

23. Комитет хатшысы міндетті:

23.1. Комитет отырысын дайындауды және өткізуді қамтамасыз ету;

23.2. Комитет отырыстарына осы Ережеге және Қоғамның өзге де ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес ресімделген құжаттарды (материалдарды, ақпаратты) қабылдау;

23.3. осы Ереженің талаптарына және Қоғамның өзге де ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес Комитет отырыстарына ұсынылатын құжаттар мен материалдардың толықтығы мен сапасын бақылауды жүзеге асыру;

23.4. Комитет тапсырмасын бұзған және/немесе тиісінше орындамаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Комитет мүшелерін хабардар ету;

23.5. Комитет шешімдерінің орындалу нәтижелері туралы есеп тоқсан сайын есепті айдан кейінгі айдың 20 (жиырмамыншы) күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Комитеттің қарауына шығару;

23.6. Комитет мүшелерін және шақырылған адамдарды Комитет отырыстарының өткізілетін күні, орны мен уақыты туралы уақтылы хабардар ету және Комитет мүшелеріне отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар ұсынуды қамтамасыз ету;

23.7. Комитет отырысының хаттамасын жүргізу, әдеби тіл, заң терминологиясы мен техникасы нормаларын сақтай отырып, хаттамада көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз ету;

23.8. осы Ережеге сәйкес Комитет отырысының хаттамасынан үзінді көшірмелерді дайындауды және беруді жүзеге асыру;

23.9. Комитет шешімдерін есепке алуды және Комитет хаттамасынан үзінді көшірмелер беруді жүзеге асыру;

23.10. «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқармасының 06.12.22 ж. № 52/22 [шешіміне](#) сәйкес алынып тасталды (*ескі ред.қараңыз*)

23.11. Комитет отырыстарының хаттамалары мен материалдарының электрондық базасын (бұдан әрі - ХМЭБ) қалыптастыруды жүзеге асыру;

Құжат: «Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамы Басқармасының комитеттері туралы ереже («Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 29 қарашадағы № 64/21 шешімімен бекітілген) (19.05.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)

Құжаттың мәртебесі: қолданыста Күні: 29.11.2021 ж.

23.12. Комитет төрағасы белгілеген мерзімде Комитеттің жұмысы туралы есептің жобасын дайындау;

23.13. Қоғамның құпия ақпаратын жария етпеу;

23.14. осы Ережеге және Қоғамның өзге де ішкі нормативтік құжаттарына, Комитет төрағасының тапсырмаларына сәйкес өз құзыреті шегінде өзге де функцияларды жүзеге асыру.

24. Комитет хатшысы комитет мүшелеріне қаралатын мәселелер бойынша тиісті түрде дайындалған және ұсынылған құжаттарды (материалдарды, ақпаратты) уақтылы және/немесе толық ұсынбағаны үшін, сондай-ақ Комитет отырыстарының хаттамалары мен олардан үзінді көшірмелердің дұрыс және уақтылы жасалғаны үшін жауапты болады.

25. Комитет хатшысы уақытша болмаған жағдайда (демалыс, іссапар және басқа да дәлелді себептер) оның міндеттерін орындау Комитеттің тиісті отырысына қатысатын Комитет мүшелерінің қарапайым көпшілік даусымен сайланатын Қоғамның өзге қызметкеріне (не қызмет көрсету шарты негізінде және/немесе персоналды ұсыну жөніндегі қызмет көрсету шарты негізінде Қоғамға қызмет көрсететін тұлғаға) жүктеледі.

Ереже «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқармасының 01.03.22 № 07/22 (2022 жылғы 14 наурыздан бастап күшіне енді) шешіміне сәйкес 25-1-тармақпен толықтырылды

25-1. Комитеттер, қажет болған жағдайда, жыл сайын өз жұмысының мұқият және толыққанды талқылауды және уақтылы және сапалы шешімдер қабылдауды қамтамасыз ету үшін жыл ішінде қарауға жоспарланған мәселелер санының біркелкі бөлінуін ескере отырып, ұтымдылық, тиімділік және жүйелілік қағидатын негізге ала отырып, қаралатын мәселелер тізбесін және жоспарланатын жылдың айын көрсете отырып, отырыстар өткізу кестесін қамтитын алдағы жылға арналған жоспарын жасайды.

Комитеттердің жұмыс жоспары осы Ережеге [№ 2-2 қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша Комитеттердің шешімімен бекітіледі.

Ереже «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқармасының 01.03.22 № 07/22 (2022 жылғы 14 наурыздан бастап күшіне енді) шешіміне сәйкес 25-2-тармақпен толықтырылды

25-2. Қажет болған жағдайда Комитеттер жұмыс жоспарына енгізілмеген мәселелерді қарауға құқылы.

9-тарау.

Комитет отырысында қарау үшін материалдарды ұсыну тәртібі және күн тәртібін қалыптастыру

26. Комитеттің қарауына мәселелер бойынша материалдарды дайындауды және қалыптастыруды Қоғамның құрылымдық бөлімшелері және/немесе қызметкерлері және/немесе Комитет төрағасының және/немесе мүшелерінің тапсырмасы бойынша, сондай-ақ өз бастамасы бойынша қызмет көрсету шарты негізінде Қоғамға қызмет көрсететін адамдар жүргізеді.

27. Мәселені Комитеттің қарауына шығаруға бастамашы болған Құрылымдық бөлімшенің басшысы немесе Қоғамның қызметкері немесе қызмет көрсету шарты негізінде Қоғамға қызмет көрсететін тұлға (бұдан әрі - жауапты құрылымдық бөлімше немесе тиісінше жауапты қызметкер) Комитет отырысына материалдарды тиісінше дайындауға жауапты болып табылады.

28. Комитеттің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша материалдар қажет болған жағдайда негізделген қаржылық-экономикалық есептеулерді қоса алғанда,

Құжат: «Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамы Басқармасының комитеттері туралы ереже («Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 29 қарашадағы № 64/21 шешімімен бекітілген) (19.05.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)

Құжаттың мәртебесі: қолданыста Күні: 29.11.2021 ж.

мәселені жан-жақты талдауды қамтуға және әдеби тіл, заң терминологиясы мен техникасы нормаларын сақтай отырып құрастырылуға тиіс.

29. Күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша Комитеттің қарауына материалдар мыналарды қамтуы тиіс:

1) осы Ережеге [№ 3 қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша ұсынылған шешімді қабылдау қажеттігін негіздей отырып, түсіндірме жазба;

2) осы Ережеге [№ 4 қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша шешім жобасы;

3) Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес дайындалған қоғамның мүдделі құрылымдық бөлімшелерінің қорытындылары (қажет болған жағдайда);

4) Комитет отырысына шығарылатын мәселені жан-жақты қарау үшін қажетті өзге де материалдар (бар болса).

30-тармақ «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқармасының 06.12.22 № 52/22 шешімінің редакциясында жазылды (ескі ред.қараңыз)

30. Түсіндірме жазбаға қол қойылуы тиіс, ал Комитет шешімінің жобасын криптографиялық қорғау құралдары (бұдан әрі - КҚК) болған жағдайда, электрондық цифрлық қолтаңбасын (бұдан әрі - ЭЦҚ) қойып, жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысы немесе жауапты қызметкер электрондық құжат айналымы жүйесі (бұдан әрі - ЭҚАЖ) арқылы келісімдеуі тиіс.

31-тармаққа «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқармасының 01.03.22 ж. № 07/22 (2022 ж. 14 наурыздан бастап күшіне енді) шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (ескі ред.қараңыз); «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқармасының 06.12.22 ж. № 52/22 шешімінің редакциясында жазылды (ескі ред.қараңыз)

31. Түсіндірме жазба және шешім жобасы, түсіндірме жазбалар мен үлгілік нысандарын Комитеттер бекіткен шешімдер жобаларын қоспағанда, міндетті түрде құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшемен, КҚК құралдары болған жағдайда, ЭҚАЖ арқылы Қоғамның барлық мүдделі құрылымдық бөлімшелерімен ЭЦҚ қоя отырып келісімделеді.

Көрсетілген құрылымдық бөлімшелердің түсіндірме жазбаны және шешім жобасын келісу мерзімі 3 (үш) жұмыс күнінен аспауға тиіс.

32-тармақ «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқармасының 06.12.22 № 52/22 шешімінің редакциясында жазылды (ескі ред.қараңыз)

32. Мәселені Комитеттің кезекті отырысының күн тәртібіне енгізу үшін осы Ережеге сәйкес ресімделген, мүдделі құрылымдық бөлімшелермен келісілген материалдар Комитет хатшысына ЭҚЖ арқылы Комитет отырысы өткізілгенге дейін 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде беріледі.

Тарау «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқармасының 06.12.22 № 52/22 шешіміне сәйкес 32-1-тармақпен толықтырылды.

32-1. Түсіндірме жазбаны, шешім жобасын, оларға материалдарды, Комитет отырысының хаттамаларын және мәселені Комитет отырысында қарауға байланысты өзге де құжаттарды ЭҚАЖ, ЭЦҚ пайдалану арқылы объективті себептер бойынша ресімдеу, келісу мүмкіндігі болмаған жағдайда оларды қағаз жеткізгіште ресімдеуге және келісуге жол беріледі.

33. Комитет хатшысына белгіленген мерзімнен кеш берілген не Ереженің талаптарына сәйкес келмейтін материалдар Комитет отырысының күн тәртібіне енгізілмейді.

34-тармақ «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқармасының 06.12.22 № 52/22 шешімінің редакциясында жазылды (ескі ред.қараңыз)

34. Комитеттің шұғыл шешімдер қабылдауы мақсатында комитеттің кезекті және кезектен тыс отырыстарын шақыру және сырттай отырысты өткізу мерзімдері, сондай-ақ

Құжат: «Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамы Басқармасының комитеттері туралы ереже («Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 29 қарашадағы № 64/21 шешімімен бекітілген) (19.05.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)

Құжаттың мәртебесі: қолданыста Күні: 29.11.2021 ж.

тиісті материалдарды жіберу мерзімдері Комитет төрағасының келісу қарары бойынша өзгертілуі мүмкін.

[35-тармақ «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқармасының 06.12.22 № 52/22 шешімінің редакциясында жазылды \(ескі ред.қараңыз\)](#)

35. Ұсынылған материалдар негізінде Комитет хатшысы Комитеттің қарауына шығарылатын мәселелер, олар бойынша баяндамашылар, отырысты өткізудің болжамды уақыты мен орны көрсетілетін Комитеттің кезекті отырысының күн тәртібінің жобасын қалыптастырады және Комитет Төрағасына келісуге ұсынады.

[36-тармақ «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқармасының 06.12.22 № 52/22 шешімінің редакциясында жазылды \(ескі ред.қараңыз\)](#)

36. Комитет отырысының келісілген күн тәртібін оған қоса берілген, белгіленген тәртіппен ресімделген және келісілген материалдармен бірге Комитет хатшысы Комитет мүшелеріне танысу үшін Комитет отырысы өткізілетін күнге дейін 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады.

Комитеттің кезектен тыс отырысы шақырылған жағдайда Комитет хатшысы комитет төрағасы Комитеттің кезектен тыс отырысын шақыру туралы шешім қабылдаған күні Комитет мүшелеріне танысу үшін алдағы кезектен тыс отырыстың материалдарын жібереді.

[37-тармақ «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқармасының 06.12.22 № 52/22 шешімінің редакциясында жазылды \(ескі ред.қараңыз\)](#)

37. Бетпе-бет отырыс барысында Комитет қатысушы Комитет мүшелерінің көпшілік даусымен тиісті шешім қабылдау жолымен отырыстың күн тәртібін бекітеді.

Бұл ретте күн тәртібін бекіту барысында мәселе кез келген негіздер бойынша отырыстың күн тәртібінен алынып тасталуы мүмкін.

Комитет төрағасы келіскен, сырттай нысанда өткізілетін комитет отырысының күн тәртібі өзгертілмейді және / немесе толықтырылмайды.

38. Комитет отырысында Комитеттің қарауына шығарылатын мәселелерді Комитет осы Ережеде көзделген тәртіппен материалдарды пысықтау және қайта шығару мерзімдерін белгілей отырып, кез келген негіздер бойынша пысықтауға қайтаруы мүмкін.

39. Комитет хатшысы осы Ереженің [38-тармағында](#) көзделген жағдайларда хаттамаға тиісті жазба жүргізеді.

40. Комитеттің қарауына қайта шығару үшін материалдардың жобаларын пысықтау мақсатында жауапты құрылымдық бөлімше және / немесе жауапты қызметкер мүдделі құрылымдық бөлімшелер өкілдерінің қатысуымен кеңестерді жедел шақыруға құқылы.

41. Пысықтау мерзімі аяқталғаннан кейін жауапты құрылымдық бөлімше немесе жауапты қызметкер осы Ережеде белгіленген тәртіпке сәйкес пысықталған материалдарды не мәселені қараудан шығару туралы жазбаша негіздемені Комитеттің қарауына қайта ұсынады.

42. Комитеттің қарауына шығарылған, олар бойынша оң шешім қабылданған мәселе бойынша материалдар Комитеттің материалдарға ескертулері мен ұсыныстары болған кезде пысықтауға жауапты құрылымдық бөлімшеге немесе жауапты қызметкерге қайтарылады. Бір жұмыс күні ішінде жауапты құрылымдық бөлімше немесе жауапты қызметкер осы тармақта көрсетілген материалдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді, ескертулерді жоюды, кейіннен оларды Комитет хатшысына ұсынуды қамтамасыз етеді.

43. Ресімделгендер тиісінше ұсынылмаған/ұсынылмаған жағдайда-материалдар пысықтауға қайтаруға жатады, бұл туралы Комитет хатшысы хаттамаға тиісті жазба жүргізеді.

Құжат: «Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамы Басқармасының комитеттері туралы ереже («Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 29 қарашадағы № 64/21 шешімімен бекітілген) (19.05.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)

Құжаттың мәртебесі: қолданыста Күні: 29.11.2021 ж.

10-тарау. Комитет жұмысының тәртібі

44-тармаққа «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқармасының 01.03.22 ж. № 07/22 (2022 ж. 14 наурыздан бастап күшіне енді) [шешіміне](#) сәйкес өзгерістер енгізілді ([ескі ред.қараңыз](#))

44. Комитет отырыстары кезекті және кезектен тыс болуы мүмкін. Комитет хатшысына материалдар келіп түскен жағдайда, қажеттігіне қарай әр аптаның 3 (үшінші), 4 (төртінші) және 5 (бесінші) жұмыс күнінде ИК, ҚЖЖБК және СЖКДК кезекті отырыстары өткізіледі.

Қажет болған жағдайда Комитет төрағасының немесе оның міндетін атқарушы Комитет мүшесінің (Комитет төрағасы болмаған кезде) қалауы бойынша Комитеттің кезекті отырысын өткізу күні өзге күнге ауыстырылуы мүмкін.

Комитеттің кезектен тыс отырыстары қажетіне қарай Комитет төрағасының немесе Комитет мүшелерінің бастамасы бойынша шақырылады.

45. Комитет отырыстары кворум болған кезде өткізіледі. Комитет мүшелерінің жалпы санының 50 (елу) және одан да көп пайызы қатысқан кезде Комитет талқылауға және шешім қабылдауға құқылы. Кворумның болуын Комитет төрағасы немесе оның міндетін атқарушы Комитет мүшесі (комитет төрағасы болмаған кезде) отырыс ашылған кезде айқындайды.

46. Комитет отырыстарына Комитет мүшелері және Комитет төрағасының (Комитет төрағасы болмаған кезде) келісімі бойынша шақырылған адамдар қатысады.

47. Отырыс барысында Комитет Мүшесі Комитет төрағасына Комитет отырысын өткізу тәртібі, оның ішінде шешім қабылдауды кейінге қалдыру және рәсімдік сипаттағы басқа да мәселелер бойынша ұсыныс енгізе алады.

48. Комитет мүшелері Комитеттің бетпе - бет отырысына кез келген техникалық қашықтықтан байланыс құралдары арқылы (телефон арқылы, теле-және бейнеконференцияны пайдалана отырып, ақпарат алмасудың электрондық жүйелерінің көмегімен) немесе Комитеттің осындай мүшесінің жеке басын сәйкестендіруге және күн тәртібіндегі мәселелерді нақты уақыт режимінде талқылауға мүмкіндік беретін өзге де тәсілмен қатыса алады. Аталған тәсілдер арқылы отырысқа қатысу отырысқа жеке қатысуға теңестіріледі.

Комитет отырысы тек арнайы байланыс құралдарын пайдалана отырып өткізілген жағдайда, отырыс өткізілетін орын Қоғамның орналасқан жері болып есептеледі.

49. Егер Комитет тарабы Комитет мүшесінің үлестес тұлғасы болып табылатын мәмілені қараса және (немесе) Комитет қарайтын мәселе бойынша шешім қабылдау кезінде Комитет мүшесінің жеке мүдделері оның өз лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін болса, онда Комитеттің мұндай мүшесі бұл туралы Комитеттің басқа мүшелерін дереу хабардар етуге міндетті және осы мәселе бойынша дауыс беруге қатыспайды. Мұндай жағдайда Комитеттің дауыс беру кворумы тиісті санға кему жағына қарай өзгереді.

50. Комитеттің шешімдері ашық дауыс беру нысанын (тәсілін) қолдана отырып, отырысқа қатысатын Комитет мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.

51. Комитеттің шешімдері сырттай дауыс беру арқылы (сауалнама арқылы) қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру кідіріссіз шешім қабылдауды талап ететін және/немесе талқылауды қажет етпейтін мәселелер бойынша өткізіледі, бұл ретте сырттай дауыс беру саны барынша азайтылуға тиіс. Комитет мүшесінің өзге адамға, оның ішінде Комитеттің басқа мүшесіне дауыс беруіне жол берілмейді.

Құжат: «Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамы Басқармасының комитеттері туралы ереже («Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 29 қарашадағы № 64/21 шешімімен бекітілген) (19.05.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)

Құжаттың мәртебесі: қолданыста Күні: 29.11.2021 ж.

52. Комитет отырысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру қорытындылары Комитеттің әрбір мүшесінің дауыс беру нұсқаларын («жақтап», «қарсы», «қалыс қалды») көрсете отырып, хаттамада көрсетіледі.

53-тармақ «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқармасының 06.12.22 № 52/22 шешімінің редакциясында жазылды (ескі ред.қараңыз)

53. Күн тәртібіндегі мәселеге (мәселелерге) қатысты ұсынылып отырған шешім жобасы бойынша «қарсы», «қалыс қалды» деп дауыс берген жағдайда Комитет мүшесі сырттай бауыс берген кезде өзінің бұлай дауыс бергенін жазбаша негіздеп, хаттамаға немесе сауалнама парағына пікірін КҚҚ болған жағдайда, ЭҚАЖ арқылы ЭЦҚ қойып Комитет отырысы аяқталған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде ұсынады, бұдан соң Комитет хатшысы қол қойылған, хаттамаға бірге тігілетін негіздемені хаттамаға қоса береді.

Комитет мүшесінің сырттай дауыс беру кезінде хаттамаға немесе сауалнама парағына пікір берудің көрсетілген мерзімі өткеннен кейін хаттамада «қарсы»/«қалыс қалды» дауыс берудің тиісті нәтижесі және жазбаша пікір беру мерзімінің бұзылуы туралы мәліметтер көрсетіледі.

54. Комитеттің әрбір отырысына [№ 5 қосымшаға](#) сәйкес Комитет хатшысы міндетті түрде хаттама жасайды.

55. Комитет отырысының хаттамасында мыналар көрсетіледі:

- 1) хаттама нөмірі;
- 2) отырысты өткізу күні, орны және уақыты;
- 3) Комитеттің күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға қатысқан Комитет мүшелерінің тізімі, сондай-ақ отырысқа қатысқан өзге де адамдардың тізімі;
- 4) күн тәртібі;
- 5) Комитет мүшелерінің күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ұсыныстары;
- 6) дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- 7) қабылданған шешімдер;
- 8) өзге де мәліметтер.

56-тармақ «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқармасының 06.12.22 № 52/22 шешімінің редакциясында жазылды (ескі ред.қараңыз)

56. Комитет отырысының хаттамасы отырыс өткізілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде жасалуы және Комитет мүшелері оны жасағаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде КҚҚ болған жағдайда ЭҚАЖ арқылы ЭЦҚ қойып беруі тиіс.

57-тармақ «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқармасының 06.12.22 № 52/22 шешімінің редакциясында жазылды (ескі ред.қараңыз)

57. Комитеттің бетпе-бет отырысының хаттамасын Комитет хатшысы ресімдейді, оған Комитет төрағасы немесе оның міндетін атқарушы Комитет мүшесі (Комитет төрағасы болмаған кезде), қатысып отырған Комитет мүшелері және Комитет хатшысы КҚҚ болған жағдайда ЭҚАЖ арқылы ЭЦҚ қояды.

58. «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ басқармасының 06.12.22 ж. № 52/22 [шешіміне](#) сәйкес алынып тасталды *(ескі ред.қараңыз)*

59. Сырттай дауыс беруді өткізу туралы және оның жүзеге асырылу мерзімі туралы шешімді Комитет төрағасы қабылдайды.

60. Сырттай дауыс беруді өткізу туралы шешім қабылданғаннан кейін [№ 6 қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша сауалнама парақтары және тиісті материалдар Комитет мүшелеріне пошта, электрондық, факсимильді байланыс, ЭҚАЖ арқылы жіберіледі немесе өз қолына тапсырылады.

61-тармақ «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқармасының 06.12.22 № 52/22 шешімінің редакциясында жазылды (ескі ред.қараңыз)

Құжат: «Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамы Басқармасының комитеттері туралы ереже («Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 29 қарашадағы № 64/21 шешімімен бекітілген) (19.05.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)

Құжаттың мәртебесі: қолданыста Күні: 29.11.2021 ж.

61. Комитет мүшелері өз қолымен толтырған және қол қойған сауалнама парақтары сауалнама парағында көрсетілген сауалнама парағын қабылдау аяқталған күннен кешіктірілмей Комитет хатшысына ұсынылады. Комитет мүшелері сауалнама парақтарын толтыруды және оларға қол қоюды ЭҚАЖ арқылы жүзеге асырады.

62-тармақ «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқармасының 06.12.22 № 52/22 шешімінің редакциясында жазылды (ескі ред.қараңыз)

62. Комитет мүшелерінің дауыс беру нәтижелері бар қайтарылған сауалнама парақтарының негізінде және сауалнама парақтарын қабылдау аяқталған белгіленген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Комитет хатшысы [№ 7 қосымшаға](#) сәйкес Комитеттің сырттай отырысының хаттамасын жасайды, онда мәселелердің әрқайсысы бойынша дауыс беру нәтижелері көрсетіледі және шешім қабылдау (қабылдамау) фактісі тіркеледі, одан кейін хаттамаға Комитеттің төрағасы мен хатшысы қол қояды. Сырттай отырыс хаттамасына қол қою КҚҚ болған жағдайда ЭҚАЖ пайдалана отырып ЭЦҚ арқылы жүзеге асырылады.

63-тармақ «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқармасының 06.12.22 № 52/22 шешімінің редакциясында жазылды (ескі ред.қараңыз)

63. Комитеттің сырттай дауыс беру өткізілетін орны Қоғамның [Жарғысында](#) көрсетілген Қоғамның орналасқан жері болып саналады.

64. Сырттай отырыстың қорытындысы бойынша хаттаманы Комитет хатшысы Комитеттің барлық мүшелерінің назарына оған қол қойылған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде, соның негізінде осы шешім қабылданған сауалнама парақтарын қоса бере отырып жеткізеді.

65-тармақ «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқармасының 06.12.22 № 52/22 шешімінің редакциясында жазылды (ескі ред.қараңыз)

65. Хаттамаға қол қойылғаннан кейін Комитет хатшысы 1 (бір) жұмыс күні ішінде ЭҚФЖ арқылы [№ 8 қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша мүдделі құрылымдық бөлімшелерге және/немесе үзінділерде көрсетілген шешімдердің орындалуына жауапкершілік жүктелген қызметкерлерге Комитет отырысының хаттамасынан үзінді көшірмелер жібереді.

66-тармақ «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқармасының 06.12.22 № 52/22 шешімінің редакциясында жазылды (ескі ред.қараңыз)

66. Комитет хаттамасынан үзінділерге Комитет хатшысы КҚҚ болған жағдайда ЭЦҚ пайдалана отырып қол қояды.

67. Үзінді көшірмеде мыналар көрсетіледі:

- хаттама нөмірі;

- отырыстың өткізілген күні мен орны;

- ол бойынша көшірме берілетін күн тәртібіндегі мәселе;

- көрсетілген мәселе бойынша қабылданған шешімдер немесе оның жекелеген тармақтары;

- және өзге де мәліметтер (қажет болған жағдайда).

68. Комитет отырысының Қоғам архивіне тапсырылған хаттамасынан үзінді көшірмені қайта алу қажет болған кезде мүдделі құрылымдық бөлімшенің басшысы жетекшілік ететін басшымен (Басқарма орынбасарымен, Басқарушы директормен) келісілген сұрату хатын Комитет хатшысына ЭҚАЖ арқылы жібереді, онда мәселенің (мәселелердің) атауы және Комитет шешімінің(шешімдерінің) қабылданған күні және бұрын берілген үзінді көшірменің жоғалу себептері көрсетіледі.

69-тармақ «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқармасының 06.12.22 № 52/22 шешімінің редакциясында жазылды (ескі ред.қараңыз)

Құжат: «Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамы Басқармасының комитеттері туралы ереже («Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 29 қарашадағы № 64/21 шешімімен бекітілген) (19.05.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)

Құжаттың мәртебесі: қолданыста Күні: 29.11.2021 ж.

69. Комитет отырысында қаралған мәселелер бойынша ЭЦҚ-ны пайдалана отырып ресімделген құжаттар (түсіндірме жазба, шешім жобасы және тиісті қосымшалар) ХМЭБ-те мерзімсіз орналастырылады және сақталады.

Комитет отырысында қаралған мәселелер бойынша құжаттарды (түсіндірме жазба, шешім жобасы және тиісті қосымшалар) қағазға басып шығарылып ресімделген жағдайда, көрсетілген құжаттар хаттамамен бірге папкаға тігіледі және Комитет хатшысының жұмыс кабинетіндегі сейфте немесе металл шкафта (жәшікте) сақталады.

70-тармақ «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқармасының 06.12.22 № 52/22 шешімінің редакциясында жазылды (ескі ред.қараңыз)

70. Комитет хатшысының Комитет отырыстарының материалдары бар хаттамалардың түпнұсқаларын сақтау мерзімі 1 (бір) жылды құрайды.

Көрсетілген күнтізбелік жыл өткеннен кейін Комитет хатшысы Қабылдау-тапсыру актісі негізінде (егер Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында өзгеше көзделмесе) Қоғам архивіне береді:

1) Комитет отырыстарының барлық қоса берілген құжаттармен (материалдармен, ақпаратпен) бірге ЭЦҚ-ны пайдалана отырып ресімделген хаттамалары;

2) Комитет отырыстарының материалдары бар хаттамалардың түпнұсқалары (бар болса).

71-тармақ «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқармасының 06.12.22 № 52/22 шешімінің редакциясында жазылды (ескі ред.қараңыз)

71. Комитет хатшысы ауысқан кезде ескіру мерзімі 1 (бір) жылдан кем ХМЭБ орналастырылған Комитет отырыстарының хаттамаларының тізімі тапсыру-қабылдау актісі негізінде Комитеттің жаңа хатшысына беріледі.

11-тармақ. Комитет шешімдерінің орындалуын бақылау

72. Орындауды талап ететін барлық шешімдер бойынша Комитет орындаудың нақты мерзімдерін белгілеуге тиіс. Нақты іс-әрекеттерді жасауға арналған параметрлер мен шарттарды қамтитын барлық шешімдер бойынша Комитет шешімнің қолданылу мерзімін белгілеуге тиіс.

73. Комитеттің іске асырылуын талап ететін және Комитет отырыстарының хаттамаларында көрсетілген барлық шешімдері бақылауға және тексеруге жатады.

74. Комитет отырысы барысында берілген комитет шешімдерінің және Комитет төрағасының/Комитет мүшелерінің тапсырмаларының орындалуына мониторингті Комитет хатшысы жүзеге асырады.

75. Егер Комитет бір мезгілде бірнеше құрылымдық бөлімшелердің немесе тұлғалардың атына тапсырма берген жағдайда, оның орындалуына бақылау жасау мақсатында мұндай тапсырмада көрсетілген бірінші бөлімше (тұлға) жауапты болып саналады. Бұл норма тапсырмаларға қолданылмайды, оның мағынасы бойынша тапсырма аталған бөлімшелердің (тұлғалардың) әрқайсысына қатысты жеке берілгені көрсетіледі.

76. Шешім белгіленген мерзімде орындалмаған және/немесе тиісінше орындалмаған жағдайда Комитет хатшысы 3 (үш) жұмыс күні ішінде тиісті ақпаратты қызметтік жазба түрінде Комитет Төрағасына жеткізеді.

12-тармақ. Комитет мүшелерінің және Комитет отырыстарына қатысатын өзге де адамдардың жауапкершілігі

Құжат: «Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамы Басқармасының комитеттері туралы ереже («Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 29 қарашадағы № 64/21 шешімімен бекітілген) (19.05.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)

Құжаттың мәртебесі: қолданыста Күні: 29.11.2021 ж.

77. Комитет төрағасы мен мүшелері Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өздері қабылдайтын шешімдер үшін жауапты болады.

78. Комитет шешімдерінде олардың орындалуына жауапты ретінде көрсетілген құрылымдық бөлімшелер (олардың қызметкерлері атынан) және/немесе Қоғам қызметкерлері және/немесе қызмет көрсету шарты негізінде Қоғамға қызмет көрсететін адамдар Комитет шешімдерінің уақтылы және сапасыз орындалуына жауапты болады.

79. Комитет шешімдерінің орындалуына жауапты құрылымдық бөлімшелер және/немесе қоғам қызметкерлері және / немесе қызмет көрсету шарты негізінде қоғамға қызмет көрсететін адамдар Комитет шешімі орындалғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде не Комитет хатшысы белгілеген мерзімде Комитет хатшысына растайтын құжаттарды (қажет болған жағдайда) қоса бере отырып, Комитеттің тиісті шешімінің орындалуы туралы не орындалу барысы туралы тиісті ақпаратты беруге міндетті.

80. Комитет төрағасы, мүшелері, Комитет хатшысы, оның отырыстарына шақырылған адамдар Қоғамның қызметіне және мүдделеріне нұқсан келтіре отырып, Қоғамның құпия ақпаратын жария еткені және/немесе пайдаланғаны, олар алған комитет жұмысына қатысқаны үшін Қоғамның заңнамасында және ішкі нормативтік құжаттарында көзделген жауаптылықта болады.

81. Комитет мәселені қарауға бастамашы болған құрылымдық бөлімшелер (олардың қызметкерлері атынан) және/немесе Қоғамның қызметкерлері және/немесе қызмет көрсету шарты негізінде Қоғамға қызмет көрсететін тұлғалар материалдарда көрсетілген ұсынылатын ақпараттың дұрыстығына жауапты болады.

13-тарау. Қорытынды ережелер

82. Осы Ереже Қоғамның барлық құрылымдық бөлімшелерінің, қызметкерлерінің және қызмет көрсету шарты негізінде Қоғамға қызмет көрсететін тұлғалардың орындауы үшін міндетті болып табылады.

83. Осы Ереже Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Қоғамның [Жарғысына](#), Қоғамның ішкі құжаттарына, сондай-ақ Қоғам Басқармасының шешімі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайларда өзгертуге жатады.

84. Осы Ереже Қоғам Басқармасы оны бекіткен кезден бастап күшіне енеді.

1-қосымша «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқармасының 01.03.22 № 07/22 (2022 жылғы 14 наурыздан бастап күшіне енді) [шешімінің редакциясында жазылды \(ескі ред.қараңыз\)](#)

Құжат: «Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамы Басқармасының комитеттері туралы ереже («Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 29 қарашадағы № 64/21 шешімімен бекітілген) (19.05.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)

Құжаттың мәртебесі: қолданыста Күні: 29.11.2021 ж.

«Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамы
Басқармасының комитеттері туралы ережеге №1 қосымша

«Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамының инвестициялық комитетінің негізгі мақсаттары, міндеттері мен құзыреті

1. «Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамының инвестициялық комитеті (бұдан әрі - Комитет) қызметінің негізгі мақсаты - инвестициялық қызметті жоспарлау және ұйымдастыру, Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес Қоғамның инвестициялық қызметі шеңберінде ғана Қоғамның тәуекелдерін басқару және Қоғамның өтімді (қазынашылық) портфелін басқару мәселелерін қарау.

2. Комитеттің негізгі міндеті - Қоғамның тиімді инвестициялық (стратегиялық) және өтімді (қазынашылық) портфелін қалыптастыру жөнінде ұсынымдар әзірлеу, оның инвестициялық саясатта және Қоғамның басқа да ішкі нормативтік құжаттарында айқындалған параметрлерге сәйкестігін қамтамасыз ету, Қоғамның стратегиялық және өтімді (қазынашылық) портфельдерін басқару бөлігінде Қоғам қызметінің мониторинг нәтижелерін қарау.

3. Комитеттің құзыретіне өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мынадай мәселелер бойынша шешімдер қабылдау жатады:

1) Қоғамның тікелей инвестициялар қорларына және Қоғамның қатысуымен тікелей инвестициялар қорларының инвестициялық жобаларына Қоғамның қатысуының негізгі шарттары туралы Қоғам Басқармасына ұсынымдар әзірлеу;

2) Қоғамның стратегиялық портфелі бойынша есепті алдын ала қарауды қоса алғанда, Қоғамның стратегиялық портфелін басқару шеңберінде мәселелерді қарау;

3) Қоғамның стратегиялық портфелін (тікелей инвестициялар қорларын) сапалы және тиімді басқаруды қалыптастыру, оның инвестициялық саясатта және/немесе Қоғамның өзге де ішкі нормативтік құжаттарында айқындалған параметрлерге сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында Қоғамның ағымдағы инвестициялық саясатының негізгі параметрлері мен бағыттары бойынша Қоғам басқармасына ұсынымдар әзірлеу;

4) Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес «Өз клиентіңді біл» рәсімінен өту туралы шешім қабылдау;

5) Қоғамның стратегиялық және өтімді (қазынашылық) портфелін мониторингілеу және Қоғамның стратегиялық және өтімді (қазынашылық) портфелін басқару кезінде тәуекелдерді бақылау нәтижелеріне қатысты Қоғам Басқармасына ұсынымдар әзірлеу, сондай-ақ Қоғамның тікелей инвестициялар қорлары бойынша есептерді қарау;

6) Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында көзделген тәртіппен тікелей инвестициялар қорларының және/немесе арнайы мақсаттағы компаниялардың және/немесе басқарушы компаниялардың органдарында Қоғам өкілдеріне ұсынымдар әзірлеу, бұл ретте тиісті ұсыныс берілген Қоғамның өкілі түпкілікті шешім қабылдайды;

7) Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында көзделген тәртіппен тікелей инвестициялар қорларында қоғам өкілдеріне ұсынымдар әзірлеу, бұл ретте тиісті ұсыныс берілген Қоғамның өкілі түпкілікті шешім қабылдайды;

8) Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес Қоғамның тікелей инвестициялар қорларының инвестициялық жобалары бойынша мониторингтік есептерді қарау;

Құжат: «Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамы Басқармасының комитеттері туралы ереже («Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 29 қарашадағы № 64/21 шешімімен бекітілген) (19.05.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)

Құжаттың мәртебесі: қолданыста Күні: 29.11.2021 ж.

9) Қоғамның өтімді (қазынашылық) портфелін басқару шеңберінде қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу, тоқтату мәселелері бойынша Қоғам Басқармасына ұсынымдар әзірлеу;

10) Қоғамның өтімді (қазынашылық) портфелін басқару мәселелері бойынша Қазынашылық операцияларды жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшенің есептерін қарау;

11) Қоғамның уәкілетті органдарына қоғамның және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы тікелей немесе жанама түрде Қоғамға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалардың қарыз алу мәселелері бойынша ұсынымдар әзірлеу;

12) Қоғамның және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы тікелей немесе жанама түрде қоғамға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалардың қарыз алу мәселелері бойынша ұсынымдар әзірлеу және ақпаратты қарау;

13) дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы тікелей немесе жанама түрде Қоғамға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі Қоғам мен заңды тұлғалардың қарыз алу лимитінің бұзылуы туралы ақпаратты қарау;

14) тәуекел түрлері бойынша тәуекелдердің жол берілетін мөлшеріне лимиттерді жеке бекіту бойынша Қоғам Басқармасына ұсынымдар әзірлеу, сондай-ақ Қоғамның көрсетілген лимиттерді сақтауын бақылаудың тиімді шараларын қабылдау;

15) Қоғамның инвестициялық (стратегиялық) портфелі шеңберінде қоғамның контрагенттеріне арналған лимитті, сондай-ақ инвестициялау үшін өзге де лимиттерді бекіту жөнінде қоғам басқармасына ұсынымдар әзірлеу;

16) тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есеп беру мәселесі бойынша ұсынымдар әзірлеу;

17) Қоғамның инвестициялық (стратегиялық) портфельді басқару жөніндегі ішкі нормативтік құжаттарын (қағидаларын, рәсімдерін және т. б.) бекіту және/немесе оған өзгерістер және/немесе толықтырулар бойынша Қоғам басқармасына ұсынымдар әзірлеу;

18) Қоғам Басқармасының шешімдері негізінде Комитетке өкілеттіктері берілетін мәселелерді қарау;

19) Комитет шешімдерінің орындалуы туралы есепті қарау;

20) Комитеттің құзыретіне жататын мәселелер бойынша түсіндірме жазбалардың үлгілік нысандарын және шешімдер жобаларын бекіту;

21) Комитет қызметінің негізгі мақсатына сәйкес Қоғамның басқа органдарының немесе лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған өзге де мәселелер.

2-қосымша «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқармасының 01.03.22 № 07/22 шешімінің редакциясында жазылды (2022 жылғы 14 наурызда күшіне енді (ескі ред.қараңыз))

«Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамы
Басқармасының комитеттері туралы ережеге № 2 қосымша

Құжат: «Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамы Басқармасының комитеттері туралы ереже («Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 29 қарашадағы № 64/21 шешімімен бекітілген) (19.05.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)

Құжаттың мәртебесі: қолданыста Күні: 29.11.2021 ж.

«Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамының Қызметті жоспарлау және бағалау комитетінің негізгі мақсаттары, міндеттері мен құзыреті

1. «Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Комитет) Қызметті жоспарлау және бағалау комитеті (бұдан әрі-Комитет) жұмысының мақсаты - бюджеттің және Қоғамның даму жоспарының орындалуын сапалы жоспарлау мен бақылауды қамтамасыз ету.

2. Комитеттің негізгі міндеттері - Қоғамның ағымдағы бюджет саясатын әзірлеу және іске асыру, жоспарланған кезеңге арналған кірістер мен шығыстардың жоспарланатын көрсеткіштерін қарау, Қоғамның бюджет көрсеткіштері мен даму жоспарын жоспарлау кезінде Қоғамның құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің іс-қимылдарын үйлестіру, жоспарланған кезеңге арналған бюджеттің және Қоғамның даму жоспарының бекітілген параметрлерінің орындалуын мониторингтеу және бақылау және олар бойынша ұсыныстар әзірлеу.

3-тармаққа «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқармасының 06.12.22 ж. № 52/22 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (ескі ред.қараңыз)

3. Комитеттің құзыретіне өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мынадай мәселелер бойынша шешімдер қабылдау жатады:

1) Бюджет жобасы бойынша ұсынымдар/оған өзгерістер мен толықтырулар әзірлеу және Қоғам бюджетінің жобасын қалыптастыру шеңберінде ұсынымдар әзірлеу;

2) Қоғамды дамыту жоспарының жобасы бойынша ұсынымдар әзірлеу және өзгерістер және / немесе толықтырулар енгізу (түзету);

3) Қоғам бюджетінің әкімшілік шығыстарының жекелеген кіші сыныбы (бабы) ішінде сомаларды қайта бөлу;

4) бюджеттің атқарылуы жөніндегі тоқсан сайынғы басқарушылық есептерді және даму жоспарының орындалу мониторингі жөніндегі тоқсан сайынғы есептерді қарау, сондай-ақ Қоғамның уәкілетті органына ұсынылатын Қоғамның даму жоспарының орындалуы жөніндегі жылдық есепті қарау;

5) «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқармасының 06.12.22 ж. № 52/22 [шешіміне](#) сәйкес алынып тасталды (*ескі ред.қараңыз*)

6) Қоғамның еншілес ұйымдарының бір жылдағы даму жоспарларының орындалуы туралы есептерді қарау;

7) қайырымдылық және демеушілік көмек көрсетуге байланысты мәселелер бойынша ұсынымдар әзірлеу;

8) Комитеттің құзыретіне жататын мәселелер бойынша түсіндірме жазбалардың үлгілік нысандарын және шешімдер жобаларын бекіту;

9) Комитет қызметінің негізгі мақсатына сәйкес Қоғамның басқа органдарының немесе лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған өзге де мәселелер.

Ереже «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқармасының 01.03.22 № 07/22 (2022 жылғы 14 наурыздан бастап күшіне енді) [шешімімен](#) 2-1 қосымшамен толықтырылды

[sub1](#)

«Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамы
Басқармасының комитеттері туралы ережеге № 2-1 қосымша

Құжат: «Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамы Басқармасының комитеттері туралы ереже («Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 29 қарашадағы № 64/21 шешімімен бекітілген) (19.05.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)

Құжаттың мәртебесі: қолданыста Күні: 29.11.2021 ж.

«Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамының Стратегия және корпоративтік даму комитетінің негізгі мақсаттары, міндеттері мен құзыреті

1. «Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамының Стратегия және корпоративтік даму комитеті (бұдан әрі - Комитет) қызметінің негізгі мақсаты Қоғамның даму стратегиясын іске асырудың тиімділігін арттыру жөніндегі қызметті жоспарлау және ұйымдастыру, корпоративтік басқару жүйесін жетілдіруді қамтамасыз ету, Қоғамның және оның еншілес ұйымдарының қызметіне олардың ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес орнықты дамуды енгізу.

2. Комитеттің негізгі міндеті - даму стратегиясын іске асыру, қызметке орнықты дамуды енгізу, корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру бөлігінде Қоғам мен оның еншілес ұйымдары қызметінің нәтижелеріне ұсынымдар әзірлеу және мониторинг жүргізу.

3-тармаққа «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқармасының 06.12.22 ж. № 52/22 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (ескі ред.қараңыз): «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Басқармасының 16.04.24 ж. № 19/24 шешімімен (ескі ред.қараңыз)

3. Комитеттің құзыретіне өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мынадай мәселелер жатады:

1) Қоғамның және оның еншілес ұйымдарының даму стратегиялары және / немесе оларға өзгерістер және / немесе толықтырулар бойынша ұсынымдар әзірлеу;

2) Қоғамның еншілес ұйымдарының даму стратегияларын іске асыру жөніндегі есептер бойынша ұсынымдар әзірлеу;

3) Қоғамның даму стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың орындалуы туралы ақпаратты/есепті қарау;

4) Қоғамның және оның еншілес ұйымдарының корпоративтік басқару [кодексін](#) өзгерту жөнінде ұсынымдар әзірлеу;

5) Қоғамның және оның еншілес ұйымдарының корпоративтік басқару кодексі қағидаттарының сақталуы туралы есеп нысаны бойынша ұсынымдар әзірлеу;

6) аудит қорытындылары бойынша корпоративтік басқару диагностикасының нәтижелері бойынша Қоғамның корпоративтік басқаруын жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобасына ұсынымдар әзірлеу;

7) Қоғамның корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобасы және оның орындалуы жөніндегі есеп бойынша ұсынымдар әзірлеу;

8) Қоғамның және оның еншілес ұйымдарының жылдық есептері бойынша ұсынымдар әзірлеу;

9) Қоғамның орнықты даму саясаты мәселелері және/немесе өзгерістер және/немесе толықтырулар бойынша ұсынымдар әзірлеу;

10) Қоғамның орнықты дамуы саласындағы жыл сайынғы есептің жобасы бойынша ұсынымдар әзірлеу;

11) Қоғамның орнықты дамуы саласындағы іс-шаралар жоспарының жобасы және оның орындалуы жөніндегі есеп бойынша ұсынымдар әзірлеу;

11-1) Қоғамның ақпараттық технологияларын дамыту стратегиясының бастамаларын іске асыру іс-шаралар жоспарының жобасы және оның орындалуы жөніндегі есеп бойынша ұсынымдар әзірлеу;

12) Қоғамның және оның еншілес ұйымдарының даму стратегияларының мақсаттарына қол жеткізуді бағалау тәсілдері бойынша ұсынымдар әзірлеу;

Құжат: «Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамы Басқармасының комитеттері туралы ереже («Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 29 қарашадағы № 64/21 шешімімен бекітілген) (19.05.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)

Құжаттың мәртебесі: қолданыста Күні: 29.11.2021 ж.

13) Қоғамның еншілес ұйымдары үшін олардың қызметі бойынша жаңа стратегиялық бастамаларға қатысты ұсынымдар әзірлеу;

14) Қоғам қызметкерлері қызметінің негізгі көрсеткіштерінің карталары бойынша ұсынымдар әзірлеу;

15) Қоғамның еншілес ұйымдарының басшы қызметкерлері қызметінің негізгі көрсеткіштерінің карталары бойынша ұсынымдар әзірлеу;

16) Қоғам қызметкерлеріне және оның еншілес ұйымдарына біржолғы сыйақы беру мәселелері бойынша ұсынымдар әзірлеу;

17) Комитет шешімдерінің орындалуы туралы есепті қарау;

18) Комитеттің құзыретіне жататын мәселелер бойынша түсіндірме жазбалардың үлгілік нысандарын және шешімдер жобаларын бекіту;

19) Комитет қызметінің негізгі мақсатына сәйкес Қоғамның басқа органдарының құзыретіне жатқызылмаған өзге де мәселелер.

Ереже «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқармасының 01.03.22 № 07/22 (2022 жылғы 14 наурыздан бастап күшіне енді) [шешімімен](#) 2-2 қосымшамен толықтырылды

«Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамы
Басқармасының комитеттері туралы ережеге № 2-2 қосымша

**«Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамының
Инвестициялық комитетінің/Қызметті жоспарлау және бағалау
комитетінің/Стратегия және корпоративтік даму комитетінің
жұмыс жоспары**

| № р/б | Мәселенің атауы | Қарастырылатын болжалды ай | Қоғамның жауапты құрылымдық бөлімшесі |
|----------|-----------------|-------------------------------|---|
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |

3-қосымша «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқармасының 01.03.22 № 07/22 шешімінің редакциясында жазылды ([2022 жылғы 14 наурызда күшіне енді](#)) ([ескі ред.қараңыз](#))

«Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамы
Басқармасының комитеттері туралы ережеге № 3 қосымша

Құжат: «Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамы Басқармасының комитеттері туралы ереже («Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 29 қарашадағы № 64/21 шешімімен бекітілген) (19.05.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)

Құжаттың мәртебесі: қолданыста Күні: 29.11.2021 ж.

**«Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамы
Инвестициялық комитетінің/Қызметті жоспарлау және бағалау
комитетінің/Корпоративтік даму стратегиясы комитетінің шешімі жобасына
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА**

« _____ »
(сұрақтың тұжырымы)

*Түсіндірме жазбада мынадай мәліметтер (қажет болған жағдайда) көрсетіледі:
- Жобада көзделеді (жобаны қабылдау шартты).*

Жобаны қабылдау қажеттілігінің негіздемесі.

Жоба қабылданған жағдайда болжамды әлеуметтік-экономикалық және/немесе құқықтық салдарлар.

Жобаны қабылдау мынадай мүмкіндіктер береді

Жобаны іске асыруға байланысты болжамды қаржылық шығындар.

Нақты мақсаттар, күтілетін нәтижелердің мерзімдері және жобаны қабылдаудың болжамды тиімділігі.

Жобада қаралатын мәселелер бойынша бұрын қабылданған Инвестициялық комитеттің/Жоспарлау комитетінің/Стратегия және Корпоративтік даму комитетінің, Басқарманың және/немесе Директорлар кеңесінің қызметін бағалау туралы шешімдері және оларды іске асыру нәтижелері туралы мәліметтер.

Бұрын қабылданған шешімдерді, бұйрықтарды және/немесе ішкі нормативтік құжаттарды кейіннен жобаға сәйкес келтіру қажеттілігі.

Комитет төрағасының немесе Комитет мүшелерінің тапсырмасы бойынша жүргізілген жағдайда қосымша сараптаманың (құқықтық, экономикалық, қаржылық және басқалардың) нәтижелері.

Жоба мүдделі құрылымдық бөлімшелермен келісілді (ҚБ атауы).

Құрылымдық бөлімшелерде жобаға ескертулер жоқ (мынадай ескертулері бар). ҚБ қорытындылары қоса беріледі.

Өзге де мәліметтер

Баяндалғанның негізінде жобаны Комитеттің қарауына шығаруға болады деп есептейміз (осы мәселе бойынша шешім қабылдау жөніндегі Комитеттің құзыретіне қатысты ІНҚ-ға сілтеме көрсетіледі).

Мәселені қарауға шығаратын адамның лауазымы және аты-жөні

4-қосымша «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқармасының 01.03.22 № 07/22 (2022 жылғы 14 наурыздан бастап күшіне енді) [шешімінің редакциясында жазылды \(ескі ред.қараңыз\)](#)

«Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамы
Басқармасының комитеттері туралы ережеге № 4 қосымша

Құжат: «Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамы Басқармасының комитеттері туралы ереже («Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 29 қарашадағы № 64/21 шешімімен бекітілген) (19.05.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)

Құжаттың мәртебесі: қолданыста Күні: 29.11.2021 ж.

Жоба

**«Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамы
Инвестициялық комитетінің/Қызметті жоспарлау және бағалау
комитетінің/Стратегия және корпоративтік даму комитетінің шешімі**

« _____ »
(сұрақтың тұжырымы)

(мәселені шығаруға негіз болған заңнаманың, Жарғының және ішкі құжаттардың ережелеріне сілтемелер) сәйкес, «Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамының Инвестициялық комитеті/Қызметті жоспарлау және бағалау комитеті/Стратегия және корпоративтік даму комитеті **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. мәселе бойынша шешім;
2. егер қабылданған шешім оларды іске асыру (орындау) мерзімдерін көрсете отырып, қосымша шаралар қабылдау қажеттігіне әкеп соқтырса, қабылданған шешімнен туындайтын шараларды қабылдау жөніндегі тапсырма;
3. қажет болған жағдайда қабылданған шешімді қолданысқа енгізу мерзімі.

№ 5 қосымшаның атауы «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқармасы [01.03.22ж. № 07/22](#) шешімінің редакциясында жазылды (2022 жылғы 14 наурызда күшіне енді) ([ескі ред.қараңыз](#))

«Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамы
Басқармасының комитеттері туралы ережеге № 5 қосымша

**«Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамы Инвестициялық
комитетінің/Қызметті жоспарлау және бағалау комитетінің/Стратегия және
корпоративтік даму комитетінің күндізгі отырысының**

№ _____ ХАТТАМАСЫ

(Отырысты өткізу орны) (Отырысты өткізу күні мен уақыты)

Төраға:

Отырысқа қатысқан Комитет мүшелері:

1...

2...

Отырысқа қатыспаған Комитет мүшелері:

1...

2...

Құжат: «Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамы Басқармасының комитеттері туралы ереже («Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 29 қарашадағы № 64/21 шешімімен бекітілген) (19.05.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)

Құжаттың мәртебесі: қолданыста Күні: 29.11.2021 ж.

Комитет отырысын өткізуге арналған Кворум бар.

Шақырылған тұлғалар:

Комитет отырысының күн тәртібі:

1...

2...

Комитет мүшелері күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізуді ұсынды:

Комитет мүшелері бұл ұсынысты бірауыздан қолдады.

Комитет төрағасы күн тәртібін келесі түрде бекітуді ұсынды:

1...

2...

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша:

Сөз сөйлегендер:

Талқылау қорытындысы бойынша Комитет төрағасы мәселелерді дауысқа салды

Дауыс беру формасы: ашық.

Бірінші мәселе бойынша дауыс беру қорытындысы:

| | | | |
|--|----------------------|------------|---------------|
| Дауыс берушінің Т. А. Ә (Комитет төрағасы, Комитет мүшелері) | Дауыс беру нұсқалары | | |
| | «қарсы емеспін» | «қарсымын» | «қалыс қалды» |

Отырыс және дауыс беру қорытындысы бойынша Комитет **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1...

2...

Комитет төрағасы _____ (ТАӘ)

(қолы)

Комитет мүшелері:

(Комитет мүшесінің аты-жөні) _____

(қолы)

Комитет хатшысы _____ (ТАӘ)

(қолы)

6-қосымша «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқармасының 01.03.22 № 07/22 (2022 жылғы 14 наурыздан бастап күшіне енді) шешімінің редакциясында жазылды (ескі ред.қараңыз)

«Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамы Басқармасының комитеттері туралы ережеге № 6 қосымша
[sub101](#)

Құжат: «Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамы Басқармасының комитеттері туралы ереже («Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 29 қарашадағы № 64/21 шешімімен бекітілген) (19.05.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)

Құжаттың мәртебесі: қолданыста Күні: 29.11.2021 ж.

**«Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамының
Инвестициялық комитет/Қызметті жоспарлау және бағалау
комитеті/Корпоративтік даму стратегиясы комитеті мүшелерінің сырттай дауыс
беруіне арналған сауалнама парағы**

к. № _____ «__» _____ 20__ ж.

«Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамының орналасқан жері:

КҮН ТӘРТІБІ:

1. _____.
2. _____.
3. _____.

Күн тәртібіндегі _____ мәселесі бойынша «Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамының Инвестициялық комитет/Қызметті жоспарлау және бағалау комитеті/Стратегия және корпоративтік даму комитеті **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

| «қарсы емеспін» | «қарсымын» (ерекше пікір) | «қалыс қалды» (ерекше пікір) |
|------------------------|--------------------------------------|---|
| | | |

Ескертпе: ерекше пікір жазбаша нысанда жеке түрде қоса беріледі

Сауалнама парағын толтыру тәртібі бойынша түсініктемелер:

Осы сауалнама парағында дауыс беруге шығарылған мәселе бойынша Басқарма мүшесі ұсынылған «қарс емеспін», «қарсы», «қалыс қалды» деген бағандарының бірінің астына өз қолын (не құсбелгісін) қояды, Комитет мүшесі өз пікірін (негіздемесін) білдіруге құқылы, ол жазбаша нысанда жеке түрде қоса беріледі.

Қол қойылған сауалнама парағын Комитет хатшысына ұсынудың соңғы күні:
«__» _____ 20__ ж.

Комитеті Төрағасы/Мүшесі

_____ Т. А. Ә.
(қол қоюы міндетті)

«__» _____ 20__ ж.

7-қосымша «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқармасының 01.03.22 № 07/22 (2022 жылғы 14 наурыздан бастап күшіне енді) [шешімінің редакциясында жазылды \(ескі ред.қараңыз\)](#)

«Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамы Басқармасының комитеттері туралы ережеге № 7 қосымша

Құжат: «Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамы Басқармасының комитеттері туралы ереже («Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 29 қарашадағы № 64/21 шешімімен бекітілген) (19.05.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)

Құжаттың мәртебесі: қолданыста Күні: 29.11.2021 ж.

«Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамы Инвестициялық комитетінің/Қызметті жоспарлау және бағалау комитетінің/Стратегия және корпоративтік даму комитетінің сырттай отырысының № _____ ХАТТАМАСЫ

(Орны) (Сырттай отырыстың қорытындысын шығару күні мен уақыты)

Дауыс беруге қатысқан Комитет мүшелері:

- 1.
- 2.

Дауыс беруге қатыспаған Комитет мүшелері:

- 1.
- 2.

Отырысты өткізу үшін кворум бар.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. ...
2. ...

Бірінші мәселе _____ бойынша келіп түскен сауалнама парақтарына сәйкес Комитет мүшелері дауыс берді:

«ҚАРСЫ ЕМЕС» - ___ дауыс.

«ҚАРСЫ» - ___ дауыс.

«ҚАЛЫС ҚАЛДЫ» - ___ дауыс.

Шешім:

Қоғам Басқармасының _ _ _ _ _ жылғы шешімімен (№ ___ хаттама) бекітілген «Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) Басқармасының комитеттері туралы ереженің _ _ _ _ тармағының _ _ _ _ тармақшасына сәйкес Қоғамның Инвестициялық комитеті/Жоспарлау және бағалау комитеті/Стратегия және корпоративтік даму комитеті **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1.

Комитет төрағасы _____ (ТАӘ)

(қолы)

Комитет хатшысы _____ (ТАӘ)

(қолы)

№8 қосымшаның атауы «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқармасы 01.03.22ж. № 07/22 шешімінің редакциясында жазылды (2022 жылғы 14 наурызда күшіне енді) (ескі ред.қараңыз)

«Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамы Басқармасының комитеттері туралы ережеге № 8 қосымша

Құжат: «Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамы Басқармасының комитеттері туралы ереже («Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 29 қарашадағы № 64/21 шешімімен бекітілген) (19.05.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)

Құжаттың мәртебесі: қолданыста Күні: 29.11.2021 ж.

«Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамы Инвестициялық комитетінің/Қызметті жоспарлау және бағалау комитетінің/Стратегия және корпоративтік даму комитетінің күндізгі отырысының № ____ ХАТТАМАСЫНАН ҮЗІНДІ КӨШІРМЕ

(Комитет отырысын өткізу орны) (Комитет отырысын өткізу күні мен уақыты)

Шешім қабылдау үшін кворум бар.

1.

Отырыс күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша шешімдер қабылданды:

Комитет хатшысы: _____ (Т. А. Ә.)
(қолы)

Келісімдеу парағы

| Лауазымы | Т. А. Ә. | Келісімдеу | Қолы |
|---|--------------------|------------|------|
| Басқарма төрағасының орынбасары | Маканалина Г.С. | | |
| Басқарушы директор, Басқарма мүшесі | Кабдрахманов Е.Д. | | |
| Басқарма төрағасының орынбасары | Нурскенов Д.Ж. | | |
| Басқарма төрағасының орынбасары | Куанышбаев Р.Б. | | |
| Басқарушы директор | Жолат Е.Б. | | |
| Басқарушы директор | Жунисбекова А.Т. | | |
| Басқарушы директор | Ералин А.Г. | | |
| Басқарушы директор | Жаканова М.Е. | | |
| Тәуекелдерді басқару департаментінің директоры | Садыков А.С. | | |
| Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік департаментінің директоры-Бас бухгалтер | Куттыбаева Р. А. | | |
| Портфельдік қорлар департаментінің директоры | Мухамедғалиев Б.С. | | |
| Стратегиялық даму және халықаралық ынтымақтастық | Габдуллина Ж.М. | | |

Құжат: «Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамы Басқармасының комитеттері туралы ереже («Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 29 қарашадағы № 64/21 шешімімен бекітілген) (19.05.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)

Құжаттың мәртебесі: қолданыста Күні: 29.11.2021 ж.

| | | | |
|--|---------------------|--|--|
| департаментінің директоры | | | |
| Адам ресурстарын басқару департаментінің директоры | Нурмагамбетова Г.Д. | | |
| Қазынашылық департаментінің директоры | Бурумбаев М.У. | | |
| Операциялық қызмет департаментінің директоры | Макашев С.Д. | | |
| Экономика және бюджеттік жоспарлау департаментінің директоры | Карсембаева К.Е. | | |
| Комплаенс қызметінің комплаенс - бақылаушысы | Мұхаметкалиқызы А. | | |
| Ақпараттық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздік департаментінің директоры | Бердыханов И.Т. | | |
| Баспасөз қызметінің басшысы | Жакушева А.А. | | |